

## **Мемлекеттік басқару органдарын жарақтандыру үшін ұйымдастыру ісінің техникасы және компьютерлер алу туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 30 шілде 1993 ж. N 650

Инвестициялық жекешелендіру және тұрғын үй купондарын санау мен есептеу жұмысын компьютерлендіруді, автоматтандыруды қамтамасыз ету, 1993-1995 жылдарға арналған мемлекет меншігінен алу және жекешелендірудің ұлттық бағдарламасын (II кезең) жүзеге асыруға байланысты аукциондар мен коммерциялық конкурстарды ұйымдастыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті, Өнеркәсіп министрлігі мемлекеттік басқарма органдарын жарақтандыру үшін ұйымдастыру ісінің техникасын және компьютерлер алуға базалық салалар кәсіпорындары есебінен 4 млн. АҚШ доллары мөлшерінде валютамен қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

2. Кәсіпорындардың сатып алынған компьютерлік техникаға төлеу есебіне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетімен және Өнеркәсіп министрлігімен келісілген сомада валюта аударуына рұқсат берілсін.

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігі

кәсіпорындардың тізбесін және аударылатын валютаның көлемін әзірлесін.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті "Жекешелендіру" республикалық ақпараттық-есептеу жүйесін жасауға берілген техникалық тапсырмаға сәйкес сатып алынған техниканы мемлекеттік басқару органдарына бөліп берсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК